

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ МЕН ҒЫЛЫМИ ЭТИКАНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР МЕН СТАНДАРТТАРДЫ ТАЛДАУ

Шолпан Валерьевна Тлепина¹

Заң ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық құқық кафедрасының профессоры;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: tlepina_shv@enu.kz

Жанерке Зукай

Заң ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: zhanerke_09@mail.ru

Айгүл Маратқызы Есентемирова

Доктор PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: bam051289@inbox.ru

Аннотация. Ғылыми әдебиеттерде ғылыми зерттеуге «бұл ғылыми білімалуға байланысты теорияны зерттеу, эксперимент жүргізу, тұжырымдамалау және тексеру процесі» деген анықтама берілген. Ғылымның әр түрлі салаларында ғылыми зерттеулер жүргізуді халықаралық құқықтық реттеу ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясында жүргізіледі. Ғылыми зерттеулер жүргізуді халықаралық құқықтық реттеудің жалпы екі түрі болатынын айта кеткен жөн, ол – әмбебап және аймақтық деңгейде халықаралық құқықтық реттеу. Мақалада ғылыми зерттеулер жүргізу мен ғылыми этиканы сақтауға қатысты әмбебап және аймақтық деңгейдегі халықаралық құқықтық нормалар мен стандарттарға талдау жасалған. Осы салаға қатысты негізгі халықаралық ережелер ғылыми зерттеу жүргізуге қатысты ережелерді белгілейді. Мәселен, кез-келген ғылыми зерттеулер адам құқықтарының жалпыға бірдей стандарттарына сәйкес жүргізілуі керек. Осы сала бойынша қабылданған халықаралық құжаттарды екіге бөліп қарастыруға болады, олар мемлекеттердің арасында қабылданған халықаралық келісімдер және халықаралық ұйымдар аясында қабылданған халықаралық-құқықтық актілер. Мақалада негізінен халықаралық ұйымдар аясында қабылданған халықаралық-құқықтық актілерге талдау жасалды. Ғылыми зерттеулер ғылыми қызметкерлердің де (зерттеушілердің) де, зерттеу объектілері болатын адамдардың да құқықтарын сақтай отырып, жауапкершілікпен жүргізілуі тиіс. Ғылыми зерттеулер адал жүргізілуіне және зерттеу барысында этикалық кодекс сақталуына тиіс. Мақаланың мақсаты – ғылыми зерттеулер жүргізу мен ғылыми этиканы сақтау жөніндегі халықаралық құқықтық нормалар мен стандарттарға осы саладағы ғылыми еңбектерге сүйене отырып талдау жасау және сол арқылы ғылыми зерттеулерді жүргізу мен ғылыми этиканы сақтау саласының халықаралық құқықтық реттелу деңгейін анықтау.

Түйінді сөздер: ғылыми зерттеулер, зерттеушілер, халықаралық-құқықтық реттеу, халықаралық құқық, адам құқықтары, этика нормалары, БҰҰ, ЮНЕСКО.

АНАЛИЗ МЕЖДУНАРОДНЫХ ПРАВОВЫХ НОРМ И СТАНДАРТОВ ПО ПРОВЕДЕНИЮ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ И СОБЛЮДЕНИЮ НАУЧНОЙ ЭТИКИ

Тлепина Шолпан Валерьевна

Доктор юридических наук, профессор кафедры международного права Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева;
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: tlepina_shv@enu.kz

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Зукай Жанерке

Магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры международного права Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева;
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: zhanerke_09@mail.ru

Есентемирова Айгуль Маратовна

Доктор PhD, постдоктант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: bam051289@inbox.ru

Аннотация. В научной литературе научное исследование определяется как процесс изучения, эксперимента, концептуализации и проверки теории, связанный с получением научных знаний. Международное правовое регулирование проведения научных исследований в различных областях науки проводится в рамках международного сотрудничества в области науки. Следует отметить, что существует два общих вида международно-правового регулирования проведения научных исследований: универсальное и региональное. В статье проведен анализ международно-правовых норм и стандартов на универсальном и региональном уровнях, касающихся проведения научных исследований и соблюдения научной этики. Основные международные правила, касающиеся этой области, устанавливают правила, касающиеся проведения научных исследований. Например, любые научные исследования должны проводиться в соответствии с общепринятыми стандартами прав человека. Международные документы, принятые в области проведения научных исследований, можно разделить на две части: международные соглашения, принятые между государствами, и международно-правовые акты, принятые в рамках международных организаций. В статье проведен анализ международно-правовых актов, принятых в основном в рамках международных организаций. Научные исследования должны проводиться ответственно, с соблюдением прав как научных работников (исследователей), так и лиц, являющихся объектами исследования. Научные исследования должны проводиться добросовестно и в ходе исследований соблюдаться этический кодекс. Цель статьи – проанализировать международные правовые нормы и стандарты по проведению научных исследований и соблюдению научной этики на основе научных трудов в этой области и тем самым определить уровень международного правового регулирования проведения научных исследований и соблюдения научной этики.

Ключевые слова: научные исследования, исследователи, международно-правовое регулирование, международное право, права человека, нормы этики, ООН, ЮНЕСКО.

ANALYSIS OF INTERNATIONAL LEGAL NORMS AND STANDARDS FOR CONDUCTING SCIENTIFIC RESEARCH AND COMPLIANCE WITH SCIENTIFIC ETHICS

Tlepina Sholpan Valerevna

Doctor of Legal Sciences, Professor at the International Law Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University; Astana c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: tlepina_shv@enu.kz

Zukay Zhanerke

Master of International Law, Senior Lecturer at the International Law Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: zhanerke_09@mail.ru

Yessentemirova Aigul Maratovna

PhD, postdoctoral student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University;
Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: bam051289@inbox.ru

Abstract. In the scientific literature, scientific research is defined as the process of studying, experimenting, conceptualizing and verifying a theory related to obtaining scientific knowledge. International legal regulation of scientific research in various fields of science is carried out within the framework of international cooperation in the field of science. It should be noted that there are two general types of international legal regulation of scientific research: universal and regional. The article analyzes international legal norms and standards at the universal and regional levels related to

scientific research and compliance with scientific ethics. The main international rules relating to this field establish rules regarding the conduct of scientific research. For example, any scientific research should be conducted in accordance with generally accepted human rights standards. International documents adopted in the field of scientific research can be divided into two parts: international agreements adopted between States and international legal acts adopted within the framework of international organizations. The article mainly analyzes international legal acts adopted within the framework of international organizations. Scientific research should be conducted responsibly, with respect for the rights of both scientific workers (researchers) and persons who are the objects of research. Scientific research must be conducted in good faith and the code of ethics must be observed in the course of research. The purpose of the article is to analyze international legal norms and standards for conducting scientific research and observing scientific ethics based on scientific works in this field and thereby determine the level of international legal regulation of conducting scientific research and observing scientific ethics.

Keywords: scientific research, researchers, international legal regulation, international law, human rights, ethics standards, UN, UNESCO.

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_79_4_196

Кіріспе

Ғылыми зерттеулер қоғамның, технология мен ғылымның дамуында шешуші рөл атқарады. Алайда оларды жүргізу этика мен заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір халықаралық-құқықтық нормалар мен стандарттарды сақтауды талап етеді. Бұл нормалар зерттеуге қатысушылардың қауіпсіздігіне, зияткерлік меншік құқықтарына, деректердің сенімділігі және басқа да маңызды аспектілерге қатысты мәселелерді реттейді. Бұл жұмыста біз ғылыми зерттеулердің заңдылығы мен этикасын қамтамасыз ететін негізгі халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерді анықтап, оларға талдау жасаймыз.

Ғылыми зерттеу – бұл бақылау нәтижесінде алынған мәліметтерге белгілі бір талдау ережелерін қолдану және осы бақылауды қатаң белгіленген жағдайларда түсіндіру арқылы теориялар мен гипотезаларды тексеру әдісі [1].

2017 жылғы ЮНЕСКО Ғылыми қызметке және ғылыми қызметкерлерге (зерттеушілерге) қатысты ұсынысында «Ғылыми зерттеулер» ұғымы ғылыми білім алумен байланысты, теорияны зерттеу, эксперимент, концептуализация және тексеру процестерін білдіреді². Ал 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының «ғылыми зерттеулер – ғылыми қызмет және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу үшін ғылыми қызмет және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ғылыми-зерттеу жұмыстары,

тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар аясында тиісті ғылыми әдістер және құралдар арқылы жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер» түсіндіріледі³.

Мақаланың мақсаты – ғылыми зерттеулер жүргізу мен ғылыми этиканы сақтау жөніндегі халықаралық құқықтық нормалар мен стандарттарға осы саладағы ғылыми еңбектерге сүйене отырып талдау жасау және сол арқылы ғылыми зерттеулерді жүргізу мен ғылыми этиканы сақтау саласының халықаралық құқықтық реттелу деңгейін анықтау.

Әдіснама

Мақала тұтастық, объективтілік, жалпыға бірдейлік, нақтылық секілді ғылыми принциптерге сүйенеді. Мақалада зерттеу объектісі мен тақырыбын білу үшін қолданылатын жалпы, арнайы және жеке әдістер (эмпирикалық ақпаратты жинау әдістері), жалпылау (салыстырмалы құқықтық және талдаудың басқа түрлері, т.б.), талдау, синтездеу, жүйелік зерттеу әдістері теориялық ғылыми таным әдісінің біртұтас жүйесін құрайды.

Нәтижелер мен талқылау

Ғылыми зерттеу оны жүргізушілердің, яғни зерттеушілердің таным қызметінің нәтижесі болғандықтан, оны қатаң құқықтық нормалар аясында толыққанды реттеу мүмкін емес екенін түсінеміз. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеуге қатысушылардың қауіпсіздігі мен құқықтық мәртебесі,

² Рекомендации ЮНЕСКО в отношении научной деятельности и научных работников (исследователей) 2017 г. [Электронды ресурс] URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379704_rus (Жүзінген күні: 08.07.2024)

³ 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» № 103-VIII Заңы. [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000103> (Жүзінген күні: 08.07.2024)

ғылыми зерттеулерге зияткерлік меншік құқықтары, деректердің сенімділігі, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, зерттеу нәтижелерін адал мақсаттарға қолдану, зерттеу жүргізудің этикалық жақтары сияқты көптеген мәселелер халықаралық және ұлттық құқықтық реттеудің объектісі бола алады.

Ғылыми зерттеулер адал және ашық жүргізілуі керек. Бұл нәтижелерді жариялауды ғана емес, сонымен қатар басқа ғалымдарға зерттеу нәтижелерін тексеруге және қайталауға мүмкіндік беретін деректерге қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтиды. Ашықтық ғылымға деген сенімді нығайтуға және ғылыми теріс қылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Ғылыми зерттеулерге қатысты халықаралық нормалар мен стандарттарды екіге бөліп қарастыруға болады, олар халықаралық құқықтық нормалар және «жұмсақ құқық нормалары», яғни халықаралық ұйымдардың ұсыныстары мен қарарлары.

Ғылыми зерттеулер жүргізуді халықаралық құқықтық реттеу ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясында жүргізіледі. Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық дегеніміз бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу немесе әзірлемелер дайындау бойынша, сондай-ақ ғылым нәтижелерін бүкіл адамзаттың игілігіне бірлесе қолдану бойынша мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық. Ғылыми зерттеулер жүргізуді халықаралық құқықтық реттеудің жалпы екі түрі болатынын айта кеткен жөн, ол – әмбебап және аймақтық деңгейде реттеу. Әмбебап деңгейде халықаралық-құқықтық реттеу БҰҰ мен оның арнайы мекемелерінің аясында жүргізіледі. Олардың қатарында мысалы, БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі мен ғылым мен техника саласындағы басқа да көмекші органдары бар. Ал арнайы мекемелердің қатарына мемлекеттер арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық бойынша басты халықаралық орган – ЮНЕСКО жататыны белгілі.

1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсыныстарына сәйкес, БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі (ЭКОСОС) Ғылым және техника жөніндегі функциялық комиссия құрды. 1993 жылдан бері аталған Комиссия жыл сайын әлемдегі ғылым мен техника саласындағы мәселелер бойынша

өзінің баяндамасын ұсынып келеді. Өзінің 2023 жылы өткен жиырма алтыншы сессиясында Ғылым және техника жөніндегі бұл комиссия коронавирус пандемиясынан кейін 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы күн тәртібін толық көлемде іске асырғаннан кейін қалпына келтіруді жеделдетудегі ғылым, техника және инновацияның рөлін талқылады, сондай-ақ аймақтық және халықаралық деңгейлердегі ақпараттық қоғам мәселелері жөніндегі дүниежүзілік саммиттің қорытындыларын іске асыруда және одан әрі өткізуде қол жеткізілген прогресті бағалады⁴.

Сонымен қатар, сессия ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты шолуға арналған сегментті, сондай-ақ Комиссия жұмысының контекстіндегі техникалық ынтымақтастық саласындағы қызметтің негізгі нәтижелеріне арналған сегментті қамтыды. Осылайша, аталған Комиссия жыл сайын әлемдегі ғылым мен техниканың, инновациялық технологияның жағдайын әлемдік даму тұрғысынан талқылап, талдау жасайды.

Комиссия осы талдаулардың нәтижесінде, сонымен қатар әлемдегі ғылым мен техниканың жай-күйінен туындаған мәселелер бойынша қарарлар жобасын әзірлеп, ЭКОСОС қабылдауына жібереді. Мәселен, 2021 жылдың 17-21 мамырында өткен сессиясында әзірленген «Ғылым мен техника даму үшін» қарар жобасында (ЭКОСОС 2021 жылдың 22 шілдесінде қабылдаған қарар) ол «техникалық және инновациялық саясатты ұлттық деңгейде табысты жүзеге асыруға оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің, іскерлік және өнеркәсіптік топтардың инновациялық және инвестициялық қызметпен айналысуына мүмкіндік беретін, сондай-ақ ғылыми-техникалық жетістіктер мен инновациялар негізінде жұмыспен қамтуды және экономикалық өсуді қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық орта құру ықпал ететінін» атап өтіп, мемлекеттерге қарқынды техникалық прогреске байланысты ғылыми зерттеулерге қолдауды күшейту жөнінде бірқатар ұсыныстар ұсынған болатын⁵.

Көріп отырғанымыздай, осы Комиссия ғылыми зерттеулерді халықаралық құқықтық тұрғыдан реттеу бойынша қызмет атқарып келе жатқан БҰҰ басты көмекші

⁴ Организация Объединенных Наций. Комиссия по науке и технике в целях развития. Доклад о работе двадцать шестой сессии (27–31 марта 2023 года). [Электронды ресурс] URL: https://unctad.org/system/files/official-document/ecn162023d4_ru.pdf (Жүгінген күні: 08.07.2024)

⁵ Организация Объединенных Наций. Комиссия по науке и технике в целях развития. Доклад о работе двадцать четвертой сессии (17–21 мая 2021 года). [Электронды ресурс] URL: https://unctad.org/system/files/official-document/ecn162021d4_ru.pdf (Жүгінген күні: 08.07.2024)

органдарының бірі, ол – ғылым және технология саласында ЭКОСОС қабылдайтын көптеген қарарлар мен шешімдердің жобасын жасайтын орган.

Ал Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі БҰҰ, яғни ЮНЕСКО аясында қабылданып, ғылыми зерттеулерді жүргізу мен этикалық нормаларды сақтауды реттейтін актілер мыналар:

- 2017 жылғы Ғылыми қызметке және ғылыми қызметкерлерге (зерттеушілерге) қатысты ЮНЕСКО ұсынысы. Бұл құжат 1974 жылғы Ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің мәртебесі туралы ұсынысты алмастырды;

- 1978 жылғы Ғылым мен техника саласындағы статистиканы халықаралық стандарттау туралы ұсыныс;

- 1997 жылғы Жоғары оқу орындарының оқытушы кадрларының мәртебесі туралы ұсыныс;

- 1999 жылғы Ғылым және ғылыми білімді пайдалану туралы декларация және т.б.

ЮНЕСКО ғылыми зерттеулерді жүргізуге қатысты қабылдаған алғашқы актілердің бірі ретінде ұзақ уақыт қолданылған акт – 1974 жылғы 20 қарашадағы Ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің мәртебесі туралы ұсыныс. Осы ұсынысында ЮНЕСКО мемлекеттерге ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің мәртебесіне қатысты ұсыныстардан бөлек, ғылыми зерттеудің этикалық және халықаралық аспектілеріне қатысты ұсыныстар берген болатын. Мәселен, мүше-мемлекеттер өздерінің мемлекеттік органдарының көмегімен ғылыми қызметкерлердің (а) интеллектуалдық зерттеу еркіндігі рухында жұмыс істеуге, ғылыми шындықты түсінуі бойынша дамыту және қорғауға;

(с) белгілі бір жобалардың гуманитарлық, әлеуметтік немесе экологиялық құндылығы туралы өз пікірлерін еркін білдіруге және, егер олардың ар-ұжданына қайшы келсе, бұл жобаларда жұмыс істеуден бас тартуға;

д) өз елінің ғылыми, мәдени және білім беру құрылысына оң және сындарлы үлес қосу және ұлттық мақсаттарға қол жеткізу, өз азаматтарының әл-ауқатын арттыру, халықаралық идеалдар мен БҰҰ мақсаттарын қолдауға жауапкершілігі мен құқығы болатындай ортаны құруға ұмтылуы керек⁶.

Ал зерттеу жұмысының халықаралық

аспектісіне келер болсақ, мүше мемлекеттер зерттеушілер өздерінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметі халықаралық маңызы бар жағдайларға көбірек бетпе-бет келіп отырғанын мойындауы керек және халықаралық ынтымақтастық пен бейбітшілікті, өзара түсіністікті ілгерілету, сондай-ақ адамзаттың жалпы әл-ауқатын арттыру үшін зерттеушілерге осындай жағдайларды пайдалануға көмектесуге тырысуы керек⁷.

Әрине, XX ғасырдың екінші жартысында қабылданған бұл акт ХХІ ғасырдағы ғылым мен технологиялар дамысына сай келмейтінін ЮНЕСКО да түсінеді. Сондықтан 2013 жылы осы ұсыныстарды қайта қарау туралы мәселені күн тәртібіне қойды және осы мәселені зерттеу үшін арнайы сарапшылар тобын құрды. Сарапшылар Ұсынысты қайта қараудың орындылығының техникалық және құқықтық аспектілерін зерттей келе өзінің қорытындысын ұсынды. Ол қорытындыда сарапшылар мынадай тұжырымға келеді: «Дегенмен, 1974 жылдан бері қабылданған ғылыми этика және ғылым саясаты құралдарының ешқайсысы Ұсынысты қажетсіз немесе ескірген етпейді. Аталған декларациялар алдарына Ұсыныс мақсаттарынан басқа және оны толықтыратын мақсаттар қояды, ал аймақтық және ұлттық деңгейлерде немесе кәсіби ұйымдар әзірлеген құралдар Ұсыныстан көлемі жағынан бөлектеу. ЮНЕСКО Бас конференциясының барлық мүше мемлекеттерге ұсыныстары этикалық бағдарланған ғылым саясатының жалпы негізі ретінде тұрақты құндылыққа ие болып көрінеді. Дегенмен, 1974 жылғы Ұсыныстың қайта қаралуы оның жалпы бағыты мен құрылымы аясында жүзеге асырылатын болса, оның тілін жаңарту және ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі, зерттеу этикасы сияқты өзекті мәселелерге оның назарын күшейтуге пайдалы болар еді»⁸.

Осы аталған Ұсынысты қайта қарау немесе жаңарту үшін ЮНЕСКО 2017 жылы мүше мемлекеттердің оны қаншалықты жүзеге асырғанына талдау жасады. Талдау нәтижесінде сауалнамадан өткен барлық мүше мемлекеттер 1974 жылғы Ұсыныстың зерттеушілердің дербестігі мен бостандығын құрметтеу, кемсітушілікке жол бермеу және адам құқықтарын құрметтеу сияқты жетек-

⁶ Рекомендации ЮНЕСКО о статусе научно-исследовательских работников (Париж, 20 ноября 1974 года). [Электронды ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1022361 (Жүгінген күні: 08.07.2024)

⁷ Сол жерде.

⁸ Пересмотр Рекомендации о статусе научно-исследовательских работников, принятой Генеральной конференцией на ее 18-й сессии в 1974 г. [Электронды ресурс] URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000224403_rus (Жүгінген күні: 08.07.2024)

ші принциптері олардың конституциясында немесе ұлттық заңнамасында көрсетілгенін хабарлады. Сондай-ақ өздерінің осы принциптерді мүдделі тараптар арасында ілгерілету үшін қадамдар жасағаны туралы хабарлады. Мұндай шараларға басылымдарды шығару, кездесулер ұйымдастыру (тек зерттеушілер арасында ғана емес, сонымен қатар қалың жұртшылықтың қатысуымен) және мүдделі тараптарды жүріс-тұрыс кодексі мен нұсқаулықтарды әзірлеуге ынталандыру жатты. Ғылыми зерттеушілердің негізгі құқықтары мен қорғалуына қатысты жауап берген мүше мемлекеттердің көпшілігі өздерінің «бірлесу құқығын» және «өз ұйымдарының ғылыми зерттеушілердің талаптарын қолдау құқығын» да қамтамасыз еткенін көрсетті. Жауаптар сонымен қатар зерттеушілердің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі және биоқауіпсіздік стандарттары арқылы қорғалғанын көрсетті. Ұлттық және халықаралық деңгейлерде зерттеушілердің ұтқырлығы артты және көптеген жауап беруші мүше мемлекеттер мұндай ұтқырлықты, әсіресе жас зерттеушілерге жәрдемдесу үшін жаңа саяси бастамаларды қабылдаған. Бұл шараларға сектораралық ынтымақтастықты ынталандыру, ұтқырлық бағдарламаларын әзірлеу, орталықтар мен институттар арасындағы үйлестіруді күшейту, шетелде саяхаттау және болу үшін қаржыландыру мен шәкіртақы беру, халықаралық студенттер алмасу бағдарламаларын құру кіреді. Жауап берген мүше мемлекеттердің үштен екісі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін таратуға және авторлық құқықпен жарияланымдарды қорғауға құқық беретін тиісті мемлекеттік саясатқа (соның ішінде заңнамалық шараларға) ие. Бірнеше мүше мемлекеттер ашық қол жеткізуді жүзеге асырып жатқанын немесе бұл үшін стратегия әзірлегенін хабарлады⁹.

Осылардың негізінде 2017 жылы ЮНЕСКО Ғылыми қызметке және ғылыми қызметкерлерге (зерттеушілерге) қатысты ұсынысын қабылдады. Бұл Ұсыныста ғылыми зерттеу жүргізу жөнінде көптеген негізгі мәселелер қаралған:

1. Кез-келген ғылыми зерттеулер адам құқықтарының халықаралық құқықтық нормаларына сәйкес жүргізілуі керек деп атап көрсетілген. Ғылыми зерттеулер ғылыми зерттеушілердің де, зерттеу объектілері бо-

латын адамдардың да құқықтарын сақтай отырып, жауапкершілікпен жүргізілуге тиіс. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен осы нәтижелердің көмегімен алынған білімге ашық қол жетімділік адамның ғылыми прогреске қатысу және оның игіліктерін пайдалану құқығын іске асыруға ықпал етеді (Ұсыныстың 18а, е, 20а, в, с, 21, 22, 42 тармақтары).

2. Ғылыми қызметкерлердің (зерттеушілердің) бостандықтары, құқықтары мен жауапкершілігі жан-жақты ескерілген. Ғылыми қызметкерлер (зерттеушілер) қоғам алдында есеп береді және өз жұмыстарында ғылыми, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан гуманды және жауапты әдістерді қолданады, сөйте тұра, олар өз міндеттерін орындау және ғылым мен технологияның дамуына ықпал етуге қажетті белгілі бір дәрежеде автономия мен зияткерлік және ғылыми еркіндікті қолданады (Ұсыныстың 10, 11, 16а, в, 40 тармақтары).

3. Ұсыныс ғылыми зерттеулерді адал жүргізуге және зерттеу барысында этикалық кодексті сақтауға және олардың нәтижелерін практикалық қолдануға шақырады. Мүше мемлекеттер ғылымның этикалық аспектілеріне қатысты оқу бағдарламалары мен дайындық курстарын әзірлеу, ғылыми этика саласындағы саясатты қабылдау және қолдау және тиісті комитеттер құру, сондай-ақ ғылыми қызметкерлердің (зерттеушілердің) зияткерлік адалдықты қоса алғанда, кәсіби этика принциптерін сақтауын қолдау арқылы ғылыми қызметтің этикалық аспектілерін есепке алу мен ғылыми зерттеулерді адал жүргізудің барабар тетіктерін құруға тиіс¹⁰.

Осы Ұсыныстағы негізгі ереже ғылыми қызметкерлердің ғылыми зерттеулер жүргізуінің еркіндігі жөніндегі ереже екенін ескерсек, бұл мемлекеттер арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықта қолданылатын басты принцип десек болады.

Зерттеуші М.В. Шугуровтың айтуынша, ғылыми зерттеулерді жүргізу еркіндігі принципі халықаралық құқықтық актілер де, сонымен бірге, «жұмсақ құқық» актілерінде де кездеседі. Мәселен, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 15-бабы 3-тармағында «Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ғылыми зерттеулер мен шығармашылық қызмет үшін қажетті еркіндікті құрметтеуге міндеттенеді» делінген. 1997 жылғы Адам геномы

⁹ Сводный доклад о выполнении Рекомендаций 2017 г. в отношении научной деятельности и научных работников (исследователей). [Электронный ресурс] URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379704_rus (Жүзінген күні: 08.07.2024)

¹⁰ Рекомендации ЮНЕСКО в отношении научной деятельности и научных работников (исследователей) 2017 г. URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379704_rus (Жүзінген күні: 08.07.2024)

және адам құқықтары туралы жалпы декларацияның 12-бабы 2-тармағында «Білімді дамыту үшін қажет ғылыми зерттеулер жүргізу еркіндігі – ой еркіндігінің ажырамас бөлігі» делінсе, 2005 жылғы Биоэтика және адам құқықтары туралы жалпы декларацияның преамбуласы мен 2-бабында да Декларацияның мақсаты ғылыми зерттеулердің еркіндігі екені көрсетілген [2].

Дегенмен, ғылыми зерттеулер жүргізу еркіндігінің мемлекеттер арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықта қолданылатын басты принцип екендігіне қатысты ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Мысалы, зерттеуші Л.А. Гумеров былай дейді: «Біздің ойымызша, қазіргі заманның жаһандық мәселелерімен ғылыми зерттеулер еркіндігі принципін шектеу үшін жеткілікті теориялық негіздеме жоқ. Ғылыми зерттеулердің еркіндігі шешуші мәнге ие, сонымен бірге ол біздің заманымыздың жаһандық проблемаларына ғана емес, сонымен бірге ғылыми зерттеулердің барлық тақырыптарына қолданылатын әмбебап принцип болады. Мысалы, мемлекеттер ядролық физика, биотехнология, гендік инженерия және т.б. салаларда ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруда күш біріктіреді» [3].

ЮНЕСКО аясында 1999 жылғы Ғылым және ғылыми білімді пайдалану туралы декларация қабылдаудың басты мақсаты ғылым мен оның жетістіктерін адамзаттың игілігі мен болашағы үшін пайдалану туралы болғанымен, бұл құжатта да ғылыми зерттеулерді жүргізу мен этикалық нормаларды сақтауға қатысты ережелер бар. Мәселен, осы құжаттың преамбуласында мемлекеттер «ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми білімді пайдалану кезінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Адам геномы және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларация аясындағы адам құқықтары және оның қадір-қасиетін құрметтеу қажет екенін, ғылымның кейбір қолданбалы аспектілері жеке адамға, қоғамға, қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін екенін, тіпті адамзаттың одан әрі өмір сүруіне қауіп-қатерлер төндіруі мүмкін екенін, сондықтан ғалымдар басқа негізгі мүдделі тұлғалармен бірлесе отырып, ғылымның этикалық тұрғыдан кемшін және зиянды салдарға әкеп соқтыратын қолданбалы аспектілеріне қарсы тұратын жолдарды іздестіруде айрықша жау-

апкершілікте екенін, тиісті этикалық талаптарға сәйкес келетін ғылыммен және олардың қолданбалы аспектілерімен айналысуы қажет екенін жете түсінетіндерін» келтірді¹¹.

Осы тұрғыда танымал Таскигий экспериментін (АҚШ, 1932–1972) этикалық нормалар мен адам құқықтарының өрескел бұзылуының айқын мысалы ретінде еске түсіруге болады. Эксперимент аясында афроамерикалық қатысушыларға олардың сифилис диагнозы туралы ақпарат берілмей, емдеу ұсынылмаған, тіпті пенициллин қолжетімді әрі тиімді емдеу құралы ретінде мойындалғаннан кейін де. Бұл әрекеттер қатысушылардың құқықтары мен денсаулығына елеулі зиян келтірді. Нәтижесінде оқиға халықаралық қауымдастық тарапынан қатаң сынға ұшырап, 1974 жылы АҚШ-та Ұлттық зерттеу актісінің қабылдануына негіз болды. Бұл жағдай ғылыми зерттеулерде этикалық қағидаттарды бұлжытпай сақтау мен халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етудің өзектілігін дәлелдейді¹².

Яғни, осы кейс нұсқасына сүйене ғылыми зерттеулер жүргізу еркіндігі абсолютті емес екенін түсінуге болады. Бұл әсіресе, биомедицина және геномдық зерттеулер жүргізу саласында байқалады. Аталған салаларда ғылыми зерттеулер жүргізу еркіндігіне белгілі бір құқықтық шектеулер қойылады. Себебі адамзат бүгінгі күні осы аталған салаларда бұрын-соңды болмаған ғылыми-технологиялық жетістіктерге қол жеткізіп отыр, бұл ол жетістіктерді орынсыз, бақылаусыз пайдалану адамзат қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Осыған орай тағы да нақты мысал ретінде «R (Quintavalle) v. Secretary of State for Health» (Ұлыбритания, 2003) ісін қарастыруға болады. Бұл іс эмбриондық жасушаларды зерттеу кезінде Ұлыбританияның 1990 жылғы Адам ұрықтандыру және эмбриология туралы заңының шеңберінде туындаған құқықтық дауларды қарастырды. Істің нәтижесінде сот эмбриондардың зерттелуін реттейтін заңның нормаларын кеңірек түсіндіру арқылы биомедициналық зерттеулердің құқықтық және этикалық аспектілерін нақтылады. Сот шешімі ғылыми зерттеулердің еркіндігі этикалық және құқықтық шектеулерге бағынуы қажет екенін көрсетті, бұл халықаралық құқық пен биоэтика қағидаттарына сай делінді. Нәтижесінде сот айқын түрде

¹¹ Declaration on Science and the Use of Scientific Knowledge and the Science Agenda: Framework for Action. [Электронды ресурсы] URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379704_rus https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000116994_rus (Жүзінген күні: 08.07.2024)

¹² About The Untreated Syphilis Study at Tuskegee [Электронды ресурсы] URL: <https://www.cdc.gov/tuskegee/about/index.html> (Жүзінген күні: 08.07.2024)

ғылыми зерттеулердің еркіндігі шексіз емес екенін көрсетті¹³.

Жалпы осы тұрғыда зерттеушілер былай дейді: «гендік инженерия, биомедицина саласындағы ғылыми жетістіктер адамның ажырамас құқықтарына, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікке қол сұғатын жаңа әлеуметтік қауіпті әрекеттердің пайда болу мүмкіндігін тудырды, бұл құқықтық араласуды талап етеді. Гендік диагностика, тестілеу нәтижесінде алынған деректерді манипуляциялау қауіпі қоғамның әлеуметтік кемсітушілігіне әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, генетикалық ақпарат қылмыстық мақсатта таратылуы да мүмкін» [4].

Қазір гендік инженерия және биомедицина саласын халықаралық құқықтық реттейтін актілердің саны жеткілікті, оларды мемлекеттер мен БҰҰ, ЮНЕСКО, ДДҰ секілді әртүрлі халықаралық үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар қабылдаған. Геномдық және биомедициналық зерттеулерді құқықтық реттеуге арналған құжаттардың бірінші тобына жалпы сипаттағы құжаттарды жатқызу керек. ЮНЕСКО биоэтика бойынша әмбебап нормаларды халықаралық деңгейде жариялау қажеттілігі туралы алғаш рет Биоэтика бағдарламасы аясында мәлімдеп, 2005 жылы Биоэтика және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларация қабылдады. Бұдан басқа 2003 жылғы Адам геномы және адам құқықтары туралы жалпы декларация, 2005 жылғы Адамды клондау туралы БҰҰ декларациясы бар. Бұл әрине, «жұмсақ құқық» нормалары. Дегенмен, соңғы онжылдықтар барысында халықаралық жария құқық саласы мен ғылымында қатаң құқық пен «жұмсақ құқық» нормаларының өзара шегі жойылып келе жатқанын байқасақ, жоғарыда аталған актілердің осы салалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі рөлі зор. Ал халықаралық аймақтық актілердің қатарында 1996 жылы Еуропа Кеңесі аясында қабылданған Адам құқықтары және биомедицина туралы конвенция және оның Қосымша хаттамалары (1998 жылғы Адам заттарын клондауға тыйым салу туралы, 2005 жылғы Биомедициналық зерттеулер туралы, 2002 жылғы Адам мүшелері мен тіндерін трансплантациялау туралы) бар.

Барлық аталған құжаттар, ең алдымен, болашақ ұрпақты қорғау үшін геномдық және биомедициналық зерттеулерді ұйымдастыру

және жүргізу ережелерін анықтайтын мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін белгілейді. Олар ғылымның тиісті саласын дамыту мен оның нәтижелерін күнделікті өмірге енгізудің идеологиялық негізін қалыптастырады [5].

Қорытынды

Сонымен, жоғарыда атап өтелгендей, ғылыми қызмет халықаралық бола бастады және уақыт өткен сайын күрделене түседі, барған сайын көп күш пен қаражат жұмсауды қажет етеді, ал цифрлық технологиялар оны ұйымдастыруды қиындатады, әрі жеңілдетеді. Ғылыми қауымдастықтардың назарын аударатын мәселелердің қатарына жаңа ақпараттың пайда болуына ықпал ететін ғылыми ақпаратты таратудың жаңа тетіктерін жатқызуға болады. Сонымен қатар, кеңею мен жаһандану ғылымды коммерциялық мақсатта пайдаланудың өсуімен және қауіпсіздік талаптарының күшеюімен қатар жүреді. Дегенмен, ғылыми зерттеулерді халықаралық құқықтық реттеу мәселесі салыстырмалы түрде реттелгенін, аталған салаға қатысты жеткілікті дәреже халықаралық актілер барын көреміз. Әсіресе, геномдық және биомедицина саласына қатысты ғылыми зерттеулерге қатысты жеткілікті деңгейде халықаралық құқықтық актілер барын көрдік. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар бұл мәселенің этикалық жағына да назар аударатынын байқадық.

Алайда мемлекеттердің алдында тез арада шешуін табуға тиіс тағы да бір мәселе бар, ол – ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде жасанды интеллектті қолдануды құқықтық реттеу мәселесі. Қазіргі таңда жалпы жасанды интеллектті қолдану немесе оны кейбір салаларда қолдану бойынша халықаралық құқықтық актілер бар. Мәселен, 2021 жылғы Жасанды интеллекттің этикалық аспектілері туралы ұсыныс, бірақ бұл актіде жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуге атсалысу қажеттігі ғана сөз қозғалады¹⁴. Ал нақты ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде жасанды интеллектті қолданудың құқықтық аспектілері мен этикалық жақтарына қатысты халықаралық актілер жоқ десек болады. Сондықтан алдағы уақытта халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер осы бағытта жұмысты жандандыруы қажет, өйткені ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде жасанды интеллектті қолдану құқықтық реттеу

¹³ *Judgments - Regina v. Secretary of State for Health (Respondent) ex parte Quintavalle (on behalf of Prof-Life Alliance) (Appellant)* [Электронды ресурсы] URL: https://publications.parliament.uk/pa/ld200203/ldjudgmt/jd030313/quinta-1.htm?utm_source (Жүгінген күні: 08.07.2024)

¹⁴ *Рекомендация об этических аспектах искусственного интеллекта.* [Электронды ресурсы] URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380455_rus (Жүгінген күні: 08.07.2024)

мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Алғыс айту

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен «Қазақстан Республикасында 1998 жылғы ХХІ ғасырға арналған жоғары білім туралы Париж дүниежүзілік декларациясын іске асыру» тақырыбындағы ғылыми жоба (АР 19680224) аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гончаров В.Н., Шумакова А.В. *Общественная и научная информация: научное исследование в системе социального развития* // *Фундаментальные исследования*. - 2015. - №2-22. - С. 5053-5056.
2. Шугуров М.В. *Международно-правовые стандарты правового статуса научных работников* // *Актуальные проблемы российского права*. - 2016. - № 6 (67). - С. 201-210.
3. Гумеров Л.А. *Общетеоретические аспекты взаимодействия национального и международного права в научно-технологической сфере* // *Юридический вестник Дагестанского государственного университета*. - 2020. - № 1 (33). - С. 19-24.
4. Евстифеева Е.В., Дородонова Н.В. *Международно-правовая политика в сфере проведения биомедицинских исследований геномных исследований* // *Правовая политика и правовая жизнь*. - 2019. - № 3. - С. 44-50.
5. Блинов А.Г. *Правовая среда проведения геномных исследований и перспективы ее реализации в России* // *Вестник Омского университета. Серия «Право»*. - 2018. - № 4 (57). - С.139-147.

REFERENCES

1. Goncharov V.N., SHumakova A.V. *Obshchestvennaya i nauchnaya informaciya: nauchnoe issledovanie v sisteme social'nogo razvitiya* // *Fundamental'nye issledovaniya*. - 2015. - №2-22. - S. 5053-5056.
2. SHugurov M.V. *Mezhdunarodno-pravovye standarty pravovogo statusa nauchnyh rabotnikov* // *Aktual'nye problemy rossijskogo prava*. - 2016. - № 6 (67). - S. 201-210.
3. Gumerov L.A. *Obshcheteoreticheskie aspekty vzaimodejstviya nacional'nogo i mezhdunarodnogo prava v nauchno-tekhnologicheskoy sfere* // *YUridicheskij vestnik Dagestanskogo gosudarstvennogo universiteta*. - 2020. - № 1 (33). - S. 19-24.
4. Evstifeeva E.V., Dorodonova N.V. *Mezhdunarodno-pravovaya politika v sfere provedeniya biomedicinskih issledovanij genomnyh issledovanij* // *Pravovaya politika i pravovaya zhizn'*. - 2019. - № 3. - S. 44-50.
5. Blinov A.G. *Pravovaya sreda provedeniya genomnyh issledovanij i perspektivy ee realizacii v Rossii* // *Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Pravo»*. - 2018. - № 4 (57). - S.139-147.